

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясы
ректорының м.а.
04.09.2024 ж. № 06-01-25/15
бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**«Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясы» РММ-нің
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы» РММ-нің (*бұдан әрі – Академия*) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 342 бұйрығымен бекітілген Азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп кодексіне сәйкес әзірленді және ұсынымдық сипатта болады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сот білімі саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) Академия жұмыскерлері мен білім алушыларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық және

қызметтік міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-қимылдар жатыр:

1) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сот жүйесі кадрларын қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру және ғылыми қызмет саласында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде;

3) құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде ;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету кезінде;

5) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде;

6) кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде;

7) қызмет саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де қатынастар кезінде.

2. Академияда жұмыс істейтіндердің және білім алушылардың мінез-құлық (әрекет немесе әрекетсіздік) қағидалары

6. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сот жүйесі кадрларын қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру және ғылыми қызмет саласында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі төрағасының бұйрықтары мен өкімдерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және Академияның ішкі актілерін басшылыққа алу;

2) адал, әділ, қарапайым болу, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, әріптестерімен және білім алушылармен, сондай-ақ өзге де жеке тұлғалармен және заңды тұлғалардың өкілдерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік таныту;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

4) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмау, сынағаны үшін қудалауға жол бермеу, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалану;

5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, Академия қызметкерлері мен білім алушыларының және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау;

6) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

7) жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеу;

8) Академияда еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек режимі мен

жағдайларының сақталуын, сондай-ақ Академияда болуға байланысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз ету.

7. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке бас мүддесінің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей немесе жоғары тұрған басшыға хабарлау;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, бағынысты жұмыскерлердің, білім алушылардың және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау;

3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар бермеу және қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

5) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу немесе әуре-сарсаңға салу туралы басшылыққа дереу хабарлау;

6) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшысына жазбаша нысанда дереу хабарлау;

7) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшыға жүгіну;

8) кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тарту.

8. Құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

1) құқықтық актілердің жобаларын дайындау мен талқылауға жұртшылықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті қатысуын қамтамасыз ету;

2) Академияның құрылымдық бөлімшелерінің құқықтық актілерге мониторинг жүргізуін үйлестіруді және тұрақты негізде тиісті есептер дайындауды қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды құқықтық актілерде пайдаланбау.

9. «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы сот төрелігі академиясына оқуға құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;

2) көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсыну;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету барысында көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеу, сол сияқты әуре-сарсаңға салушылықты (бюрократия) барынша болдырмау;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға тарту кезінде

басшылықты хабардар ету;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету процесін, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде үнемділік пен тиімділікті тұрақты жетілдіруді қамтамасыз ету.

10. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті тауар берушілерге тең мүмкіндіктер беру;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті тауар беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

11. Академия жұмыскерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау;

2) Академияға жұмысқа қабылдау кезінде Академия жұмыскерлеріне жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) азаматтық қызметшілердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз таратуға жол бермеу;

5) жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

6) Академия жұмыскерлеріне қатысты қызметтік тексерістерді әділ және жан-жақты жүргізу.

12. Қызмет саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де қатынастарда:

1) бағынысты лауазымды тұлғалардың қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін нақты және дәл айқындау;

2) басқарушылық функцияларды орындайтын және оларға бағынысты адамдар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

3) бағыныстылардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

4) бағынысты жұмыскерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

5) нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен

тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныстылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) қарамағындағы жұмыстарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

8) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдау;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, автокөлік құралдарын қоса алғанда, меншікті қызметтік мақсаттарда ұтымды, тиімді пайдалану.